

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-024-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Орхун алмасу бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 2-ші беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Орхун алмасу бағдарламасына қатысты негіздерді айқындайды.

1.2 Ережеде берілген негіздер Орхун алмасу бағдарламасына қатысатын студенттер мен академиялық қызметкерлердің ұтқырлығына қатысты үдерісті, сондай-ақ тиісті бөлімдер мен тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын қамтиды.

1.3 УЕ-ХҚТУ-024-2023 Университет ережесі Ахмет Ясауи университетінің сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.10.2018 жылғы 563 санды шешімі;
- ҚР-ның 04.07.2018 жылғы «Жоғары оқу орындарында академиялық және басқару статусын кеңейту туралы Заңы»;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 19.11.2008 жылғы 613 санды «Шетелде білім алу және академиялық өзара алмасу бағдарламасы регламентінің бекітілуі туралы» шешіміне «Өзгерістер енгізу туралы» 19.09.2016 жылғы 567 санды шешімі;
- ҚР Әділет министрлігінің 9.11.2016 жылғы 14405 санды қаулысы;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 30.12.2011 жылғы 549 санды шешімі;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 19.01.2011 жылғы ҚР-ның жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға арналған академиялық өзара алмасу бағдарламасы туралы декларациясы;
- ҚР-ның 22.07.2011 жылғы 477-ІҮ санды көші-қон туралы Заңы;
- Түркия Республикасының жоғары білім туралы Заңының 4-бабының (с) тармағы, 7-ші, 10-шы жән 65-ші баптары;
- Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Түркі университеттері одағының жоғары білім беру кеңістігін құру туралы Ережесінің 7-ші бабы негізделе отырып дайындалған, 2017 жылы 6 сәуірде қол қойылып 2019 жылы 15 наурызда өткен Түркі кеңесі Білім министрлерінің 5-ші мәжілісінде бекітіліп қолданысқа енгізілген Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Түркі университеттері Одағының Орхун алмасу бағдарламасы Регламентінің ережелері;
- Университет Жарғысы, стандарттары;
- Университет Академиялық саясаты;
- Ректорат, Сенат және Басқару кеңесі тарапынан қабылданған басқа да шешімдері;
- 2022-2026 жж. Стратегиялық даму жоспары;
- ҚП - ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде берілген:

- а) **Вице-ректор:** Қаржы және халықаралық байланыстар жөніндегі вице-ректорын,
- б) **Басқару кеңесі:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Басқару кеңесін,
- с) **Академиялық бөлім:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің құрамындағы факультет және институт сияқты академиялық бөлімдерді,

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-024-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Орхун алмасу бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 3-ші беті

- d) **Департамент:** Қаржы және халықаралық байланыстар жөніндегі вице-ректорға тікелей бағынатын, Халықаралық байланыстар департаментінің директоры жауапты болып табылатын, университеттің халықаралық қатынастар мәселелері бойынша жұмыстарын жүргізетін бөлімді,
- e) **Департамент басшысы:** Халықаралық байланыстар департаментінің жұмыстарының университет атынан жүргізілуіне жауапты университет қызметкерін,
- f) **Алмасу бағдарламасы бөлім координаторы:** Академиялық бөлімдерде қызмет атқаратын, алмасу бағдарламаларына жауапты оқытушыны,
- g) **Орхун координаторы:** Халықаралық байланыстар департаментінің директоры ұсынған, тиісті вице-ректор тарапынан тағайындалған департамент қызметкерін,
- h) **ЕКТЖ:** Европа кредит трансфер жүйесін,
- i) **Кезең төрағалығы:** Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Түркі университеттері Одағының кезең төрағалығын жүргізетін жоғары оқу орнын,
- j) **Бағдарламаға қатысу құжаты:** Бағдарламаға қатысатын оқытушы үшін Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Түркі университеттері Одағы тарапынан дайындалған және баратын университет тарапынан қол қойылып мөр басылған құжатты,
- k) **Ұтқырлық жоспары:** Бағдарламаға қатысатын оқытушы тарапынан дайындалған және оқытушының атқаратын жұмыстары нақты көрсетілген құжатты,
- l) **Қатысу құжаты:** Оқу процесі жүргізілетін жоғары оқу орны тарапынан дайындалып студенттің оқу кезеңінің басталу және аяқталу мерзімін көрсететін қол қойылып мөр басылған құжатты,
- m) **Қорытынды есеп:** Алмасу бағдарламасы немесе ұтқырлық аяқталғанда, студент немесе оқытушының жұмыстарына қатысты қорытынды мәліметтерді қамтитын құжатты,
- n) **Бағалар кестесі (транскрипт):** Оқу мерзімі ішінде оқылған пәндердің атауы, кредит саны және үлгерім бағалары жазылған құжатты,
- o) **Студент:** Орхун алмасу бағдарламасына қатысатын студентті,
- p) **Студент декларациясы:** Студенттің Орхун алмасу бағдарламасында оқып жүрген кезіндегі құқықтары мен жауапкершіліктері жазылған құжатты,
- q) **Студент қабылдау құжаты:** Баратын жоғары оқу орны тарапынан дайындалған және студент болып қабылданғандығын көрсететін қол қойылып бекітілген құжатты,
- r) **Оқу (білім алу) хаттамасы:** Студенттің баратын оқу орнында оқитын пәндерін, кредит санын және оның Ахмет Ясауи университетінде қай сабақтарға сәйкес келетіндігін көрсететін құжатты,
- s) **Оқытушы:** Орхун алмасу бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шараларға қатысатын оқытушы-профессорларды,
- t) **Хаттама:** Орхун алмасу бағдарламасы аясында екі жақты келісімшартқа қол қойған жоғары оқу орындарының бөлім, студент және оқытушылар контингентін көрсететін құжатты,
- u) **Ректорат:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректоры мен Ректор Өкілін,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-024-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Орхун алмасу бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 4-ші беті

- v) **Сенат:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат мәжілісін,
- w) **ТМҰ:** Түркі мемлекеттерінің ұйымын,
- x) **ТМҰТУО:** Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Түркі университеттерінің Одағын,
- y) **Университет:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін,
- z) **Жауапкершілік келісім шарты:** Орхун алмасу бағдарламасы аясында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен студент арасында қол қойылған алмасу мерзімі, жол, жатын орын және тамақ шығындары мен студенттің міндеттерінің орындалмауы жағдайында жауапкершіліктерді қамтитын келісімшартты білдіреді.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат отырысында талқыланады және қарастырылады.

4.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің ректоры және ректор өкілі тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Халықаралық байланыстар департаменті жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының сапалы орындалуына Халықаралық байланыстар департаменті, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы жауапты болып табылады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Координаторлықтар және олардың міндеттері

5.1 Орхун координаторының міндеттері:

Университеттің Орхун координаторы ретінде қызмет атқарады. Халықаралық байланыстар департаменті тарапынан ұсынылып, вице-ректор тарапынан тағайындалған бір маманды білдіреді. Орхун алмасу бағдарламасы координаторының міндеттері төменде көрсетілген:

- a) Орхун алмасу бағдарламасы бойынша оқуға баруға өтініш берген студенттер мен оқытушылардың өтініштерін алып кезең төрағалығына және университет Рectorаты тарапынан студенттер мен оқытушылардың өтініштерін сараптап қарап шығу үшін Департаментке жіберу, тиісті контингенттер шеңберінде іріктеу жұмыстарын қадағалау.
- b) Орхун алмасу бағдарламасы бойынша оқуға келуге өтініш берген студенттер мен оқытушылардың өтініштерінің кезең төрағалығы мен Департамент тарапынан тиісті контингенттер шеңберінде іріктеу жұмыстарын жүргізуді қадағалау.
- c) Университетке хаттама (келісімшарт) бойынша келген алмасу студенттері мен оқытушылардың тіркеу жұмыстарын жүргізу және бөлімдермен арадағы байланысын қамтамасыз ету.
- d) Оқуға бару үшін іріктелген студенттер мен оқытушылардың әкімшілік-басқару процесіне қатысты жұмыстарын жүргізу.
- e) Орхун алмасу бағдарламасына қатысты барлық мәліметтер мен құжаттарды тіркеу және сақтау.
- f) Орхун алмасу бағдарламасына қатысты мәселелер бойынша бөлім координаторларымен, Академиялық департаментімен байланыса отырып бірге жұмыс істеу.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-024-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Орхун алмасу бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 5-ші беті

g) Орхун алмасу бағдарламасының жұмыстарын үйлестіру және бақылау, студенттер мен оқытушыларды іріктеу және орналастыру жұмыстарын қадағалау.

h) Орхун алмасу бағдарламасы үшін тиісті хаттамалардың дайындалуын қамтамасыз ету.

6. БӨЛІМ КООРДИНАТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

6.1 Орхун алмасу бағдарламасының бөлім координаторы ретінде қызмет атқарады. Университетте қызмет атқаратын оқытушылардың арасынан тиісті факультет деканатының ұсынысы және ректордың бекітуімен тағайындалған әр бөлімге бөлінген оқытушыны білдіреді. Орхун алмасу бағдарламасының бөлім координаторының міндеттері төменде көрсетілген:

- a) Оқуға баратын студенттердің пән таңдау мәселелері бойынша кеңес беру.
- b) Таңдалған пәндерді тиісті бөлімнің пәндерімен сәйкестендіріп тиісті академиялық бөлім мен факультет кеңесінің бекітуіне ұсыну.
- c) Орхун алмасу бағдарламасы бойынша академиялық бөлімде қабылданған шешімдерді Орхун алмасу бағдарламасының бөлім координаторына жіберу.
- d) Орхун алмасу бағдарламасымен келген халықаралық студенттерге пән таңдау мәселелері бойынша кеңес беру.
- e) Келген халықаралық оқытушылардың тиісті академиялық бөлімде жүргізетін сабақтары мен жұмыстарын Халықаралық Офисмен бірге ұйымдастыру.

7. СТУДЕНТТЕР ҰТҚЫРЛЫҒЫ

7.1 Студент алмасу негіздері

7.1.1 Орхун алмасу бағдарламасы бойынша студент алмасу үдерісіне одаққа мүше университеттердің күндізгі бөлімдерінде оқитын студенттер қатыса алады. Алмасу үдерісі, бір университетте оқитын студенттің оқу мерзімінің бір бөлігін Орхун алмасу бағдарламасының хаттамасына сәйкес екінші (тараптар) университетте өткізуді қамтиды. Студент алмасу мерзімі ең кемі бір, ең көп екі семестрді қамтиды. Семестрді есептеу, оқу (білім алу) жүйесіне қарай өзгертілуі мүмкін. Бірақ, алмасу үдерісінің жалпы уақыты (мерзімі) бір оқу жылынан аспайды.

7.1.2 Күндізгі бөлімде оқитын студенттердің ішінде дайындық, бірінші курс және соңғы курстың студенттері алмасу бағдарламасына өтініш бере алмайды.

8. СТУДЕНТ АЛМАСУ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ЖАРИЯЛАНЫМДАР (ХАБАРЛАНДЫРУ)

8.1 Орхун координаторы кезең төрағалығының жарияланатын жұмыс кестесі бойынша университеттің жасаған хаттамаларын Департаменттің интернет сайтында жариялайды және осы хаттамаларда көрсетілген контингенттер аясында өтініш беру туралы хабарландыру жасайды. Өтініштер; Департаментке эл.пошта арқылы электронды көшірмелерді жіберумен және бөлім координаторларына түпнұсқаларын жіберу арқылы беріледі. Хабарландыруларда өтініш беру талаптары, өтініш беру үдерісі туралы мәліметтер беріледі. Хаттама жасалған шетелдегі жоғары оқу орындары тарапынан да дәл осындай жұмыстардың тиісті тәртіп бойынша жүргізілуін қадағалайды.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-024-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Орхун алмасу бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 6-ші беті

9. ӨТІНІШ БЕРУ ТАЛАПТАРЫ

9.1 Студент болу үшін келесі минималды талаптарды орындау қажет:

- а) Университеттің күндізгі бөлімінде оқитын студент болуы керек.
- б) Жалпы орташа үлгерім бағасының ең кемі 2,50 болуы керек.

9.2 Бағалау жүйесі жүздік балл жүйесі бойынша есептелетін бағаларды төрттік жүйе бойынша есептеуде студентті қабылдаған университеттің шешімдері негізге алынады.

10. ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ ЖӘНЕ СТУДЕНТ ІРІКТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

10.1 Кезең төрағалығы, университет пен басқа мүше университеттер арасында жасалған өзара ынтымақтастық хаттамалары аясында шетелге баратын немесе шетелден келетін халықаралық студенттердің саны мен бөлінісін айқындайды.

10.2 Өтініштерді қорытындылап қарау университет Департаменті тарапынан жүргізіледі.

10.3 Өтініштерді қарауда өтініш талаптарына сай келетін халықаралық студенттердің орташа үлгерім бағасы негізге алынады. Сондай-ақ Орхун бағдарламасы бойынша баратын университеттің оқу тіліне сай жарамдылық мерзімі бітпеген тіл біліктілігі сертификатының болуы немесе студенттің университеттің Лингвистикалық орталығы тарапынан өткізілетін шет тілі біліктілігі емтиханына кіруі міндетті болып табылады. Лингвистикалық орталық тарапынан өткізілетін емтихан тек сол жылғы өтініштер үшін ғана жарамды болып табылады. Шет тілі емтиханы, Халықаралық байланыстар департаментінің Білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесінің 9-шы бабында көрсетілген тәртіп-негіздер бойынша өткізіледі.

10.4 Өтініштердің нәтижелері Департаменттің интернет сайтында жарияланады.

11. ӨТІНІШ БЕРУ ҚҰЖАТТАРЫ

11.1 Студент алмасу үдерісі басталмастан бұрын студенттің құжаттары салынған папкада мына құжаттардың болуы тиіс:

- а) Студенттің өтініші
- ә) Транскрипт
- б) Шет тілі біліктілік емтиханы сертификаты
- в) Басқа талаптарды қол қоюшы университеттер анықтайды.

12. СТУДЕНТТЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ ҮДЕРІСІ

Оқу хаттамасы

12.1 Оқу хаттамасы, бөлім координаторы тарапынан алмасу процесі жүргізілетін жоғары оқу орындары арасында қол қойылған және алмасу кезеңі басталмай тұрып анықталған оқылатын пәндердің кестесі мен осы пәндерге қатысты кредиттерді қамтитын хаттама болып табылады. Хаттамаға тиісті бөлімнің басшысы, бөлім координаторы, Орхун координаторы және студент тарапынан қол қойылады. Бұл хаттамада тиісті студенттің оқуға баратын университетте оқитын пәндері мен кредит саны, бұл пәндердің қай пәндердің орнына оқылатындығы және кредиттері көрсетіледі. Студент пәндердің өзіне сәйкес екендігін және бұларды оқитындығын растап қол қояды. Жіберген жоғары оқу орны да осы

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-024-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Орхун алмасу бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 7-ші беті

хаттамамен оқылатын пәндердің қабылданатындығын білдіреді. Пәндердің сәйкестендірілуі тиісті академиялық бөлім және факультеттің басқару кеңестері тарапынан бекітіледі.

12.2 Оқу хаттамасы, студент пен қол қоюшы университеттің жауапты тұлғалары тарапынан алмасу процесінен бұрын дайындалып жазылады. Оқу хаттамасы, үш нұсқа болып дайындалады және студентті қосқанда тараптардың әрқайсысында бір-бір нұсқасы сақталады. Оқу хаттамасына әртүрлі себептерге байланысты жасалатын өзгерістер, студенттің баратын жоғары оқу орнында оқу процесі басталғаннан кейін ең кеш 30 күн ішінде енгізілуі және Білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесінің 13-шы бабының 1-тармағында көрсетілген тәртіп бойынша қайтадан жасалуы тиіс. Бұл уақыттың оқуға баратын университеттегі Орхун алмасу бағдарламасы студентінің қатысуы міндетті болған емтихан мерзімдерінен кейін болмауы керек. Оқу хаттамасына қайшы келетін бір себепке байланысты алмасу процесі (оқу) толық жүзеге асырылмаған студенттерге Орхун алмасу бағдарламасы бойынша берілетін материалдық қолдау-көмектер тоқтатылады.

12.3 Студенттердің ортақ кредит жүйесі бойынша белгіленген кредиттерге негізделген пән жүктемелері, оқуға баратын университеттерінде сол семестрдегі оқитын пән жүктемесінен аз болмауы керек. Алмасу бағдарламасында пәннің саны емес, кредиттері негізге алынады. Пәндерді сәйкестендіру жұмыстары, Халықаралық байланыстар департаментінің Білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесінің 11-(4)(5)(6)(7)(8) бабында көрсетілген тәртіп-негіздер бойынша жүзеге асырылады.

12.4 Студент, оқу хаттамасында көрсетілген және үлгерімі жақсы болған пәннен өзінің университетінде қайтадан емтихан тапсырмайды немесе қайтадан бұл пәнді оқымайды.

12.5 Студенттер, өздерінің университеттерінде үлгерімі төмен болған пәндерден қайта тапсыру емтиханына қатыса алмайды, бірақ жазғы оқуларға қатыса алады.

13. СТУДЕНТТІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІК МІНДЕТТЕРІ

13.1 Оқуға баратын университеттен қабылдау құжатын алған студенттерге, Орхун алмасу бағдарламасы студентінің міндеттері жүктеледі. Қабылдау құжатын алғанына қарамастан оқуға баратын университетте ешқандай себепсіз оқуына келмей жүргендігі анықталған студенттердің Орхун алмасу бағдарламасы бойынша берілетін жатын орын және күнкөріс шығындары тоқтатылады. Егер бар болса жасалған төлемдердің қайтарылуы талап етіледі. Қабылданғанымен алмасу бағдарламасына қатысу құқығынан бас тартуды қалаған студенттердің оқитын университетіне өтініш негізінде бас тартқандарын білдіргенімен оларға осы баптың ережелері қолданылады.

13.2 Қабылдау құжатын алған Орхун алмасу бағдарламасының студенттері оқу мерзімі ішінде оқитын бөліміне жаңадан тіркелуге (тиісті құжаттарын тапсыруға) міндетті болып табылады және тіркелу кезеңінде баратын оқу орындарына да жаңадан тіркелулері керек. Келген және кеткен студенттерге қатысты құжаттар Орхун координаторы тарапынан сақталады.

13.3 Іс-сапар және визаға қатысты жұмыстар студенттердің өздерінің жауапкершілігіне кіреді. Алайда, осы мәселелерде Орхун координаторы студенттерге бағыт-

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-024-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Орхун алмасу бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 8-ші беті

бағдар беріп, қолдау-көмек көрсетеді.

14. СТУДЕНТТЕРДІҢ УНИВЕРСИТЕТТЕГІ СТАТУСТАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

14.1 Алмасу бағдарламасы студенттерінің университеттегі статустары, Халықаралық байланыстар департаментінің Білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ереженің 10-(1) бабында көрсетілген тәртіп-негіздер бойынша жүзеге асырылады.

14.2 Университет, алмасу бағдарламасы студенттерінің жол шығындарын, баратын университеттегі күнкөріс және жатын орын шығындарын қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. ОРХУН АКАДЕМИЯЛЫҚ АЛМАСУ ҮДЕРІСІНІҢ АЯҚТАЛУЫ

15.1 Алмасу үдерісінің соңында студент тиісті жоғары оқу орнында өткізген оқу семестріне қатысты транскрипт, қатысу құжатын және қорытынды есебін, қатысу құжатында берілген студенттің бағдарламаға қатысу және аяқталу мерзіміне қарай студент қорытынды есебін ең кеш дегенде 30 күн ішінде Орхун координаторына тапсыруы керек. Департамент тарапынан студенттерге толық емес немесе қате құжаттарының толықтыру немесе түзету үшін 15 күннен аспайтын қосымша уақыт берілуі мүмкін. Тиісті мерзім ішінде құжаттарын толық тапсырмаған жағдайда, студенттердің жұмыстары жарамсыз болып есептеледі. Бұл құжаттар факультеттің Басқару кеңесінің бекітуінен кейін Орхун координаторына жіберіліп, құжат болып тіркеледі.

16. ОҚЫТУШЫЛАР ҰТҚЫРЛЫҒЫ

16.1 Оқытушылар ұтқырлығының қамту аясы және мерзімі

16.1.1 Хаттамаға қол қойған университет пен шетелдегі жоғары оқу орындарында қызмет атқаратын барлық оқытушы-профессорлар осы ұтқырлық бағдарламасынан пайдалана алады.

16.1.2 Оқытушылардың ұтқырлық мерзімі бір оқу жылы ішінде бір рет ғана ең аз дегенде 1 апта, ал ең көп дегенде бір семестр болады.

16.1.3 Оқытушылардың ұтқырлық бойынша атқаратын академиялық жұмыстары аптасына жалпы 6 сағаттан аз болмауы керек.

17. ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҮДЕРІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ЖАРИЯЛАНЫМДАР (ХАБАРЛАНДЫРУ)

17.1 Орхун координаторы кезең төрағалығының жарияланатын жұмыс кестесі бойынша университеттің жасаған хаттамаларын Департаменттің интернет сайтында жариялайды және осы хаттамаларда көрсетілген контингенттер аясында өтініш беру туралы хабарландыру жасайды. Хабарландыруларда өтініш беру талаптары, өтініш беру үдерісі туралы мәліметтер беріледі. Хаттама жасалған шетелдегі жоғары оқу орындары тарапынан да дәл осындай жұмыстардың тиісті тәртіп бойынша жүргізілуін қадағалайды.

18. ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ ЖӘНЕ ОҚЫТУШЫ ІРІКТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

18.1 Кезең төрағалығы, университет пен басқа мүше университеттер арасында

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-024-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Орхун алмасу бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 9-ші беті

жасалған өзара ынтымақтастық хаттамалары аясында шетелге баратын немесе шетелден келетін халықаралық оқытушылардың саны мен бөлінісін айқындайды.

18.2 Өтініштерді қорытындылап қарау университет Департаменті тарапынан жүргізіледі.

18.3 Өтініштерді қарауда Орхун бағдарламасы бойынша баратын университеттің оқу тіліне сай жарамдылық мерзімі бітпеген тіл біліктілігі сертификатының болуы немесе оқытушының университеттің Лингвистикалық орталығы тарапынан өткізілетін шет тілі біліктілігі емтиханына кіруі міндетті болып табылады. Лингвистикалық орталық тарапынан өткізілетін емтихан тек сол жылғы өтініштер үшін ғана жарамды болып табылады. Шет тілі емтиханы, Халықаралық байланыстар департаментінің Білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесінің 9-шы бабында көрсетілген тәртіп-негіздер бойынша өткізіледі.

18.4 Өтініштерді қарауда (сараптауда) алдымен Орхун немесе басқа алмасу бағдарламаларына қатыспаған немесе аз қатысқан оқытушылар алынады.

18.5 Өтініштердің нәтижелері Департаменттің интернет сайтында жарияланады.

19. ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҰТҚЫРЛЫҚ ҚҰЖАТТАРЫ

19.1 Оқытушылардың ұтқырлық бағдарламасына қатысты басты құжат, бағдарламаға қатысатын оқытушы тарапынан дайындалатын және атқаратын жұмыстары нақты көрсетілген оқытушының ұтқырлық жоспары болып табылады.

19.2 Ұтқырлық бағдарламасына қатысатын оқытушылар Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Түркі университеттері Одағы тарапынан дайындалған және баратын жоғары оқу орны тарапынан қол қойылып мөр басылған қатысу құжаты мен оқытушының ұтқырлық бойынша дайындаған қорытынды есебін ұтқырлық бағдарламасы аяқталғаннан кейін ең кеш дегенде 15 күн ішінде Орхун координаторына тапсырады.

20. ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ УНИВЕРСИТЕТТЕГІ СТАТУСТАРЫ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

20.1 Орхун алмасу бағдарламасына қатысатын оқытушы-профессорлардың жеке құқықтары өздерінің университеттерінде сақталады.

20.2 Университет, оқытушы-профессорлардың жол шығындарын, баратын университеттегі күнкөріс және жатын орын шығындарын қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

21. ӘРТҮРЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

21.1 Осы Ережені жүзеге асыру кезінде туындайтын проблемаларды шешуде 06.04.2017ж. қол қойылып, 15.03.2019 жылы өткен Түркі кеңесі Білім министрлерінің 5-ші мәжілісінде бекітіліп қолданысқа енгізілген Түркі мемлекеттері ұйымы аясындағы Түркі университеттері Одағының Орхун алмасу бағдарламасы туралы Регламентінің ережелері негізге алынады.

22. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

22.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-024-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Орхун алмасу бағдарламасы туралы ереже		12 беттің 10-ші беті

23.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

23.2 Осы университет ережесінің көшірмелерін сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Халықаралық байланыстар департаментіне жүктеледі. Осы университет ережесінің көшірмелері вице-ректорларға, факультет декандарына, департамент және ғылыми-зерттеу институттарының директорларына, кафедра менеджерілеріне, оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлерге жіберіледі.

23.3 Осы университет ережесінің бақылау көшірмесін сақтау жауапкершілігі Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы басшысына жүктеледі.

КЕЛІСІЛДІ

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

Пусат Пилтен

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы

Қ.Тубеков

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы

Ж.Дарибаев

